



ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№3 / 2021
серия **ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ**

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени **Ш. УАЛИХАНОВА**

ISSN 2707-9910 (print)
ISSN 2788-7979 (online)

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі “Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау университеті” КЕ АҚ
Собственник НАО “Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова”

Бас редакторы - Главный редактор
Шапауов А.К., к.филол.н., профессор ВАК (h-index: 3)
Ответственный редактор - **Дальбергенова Л. Е., Ph.D**
Технический секретарь - **Гладкова Е.И., маг.филол.**

Редакция алкасы - Редакционная коллегия

Жақупова А.Д. д-р филол.наук, профессор
Jankowski Henryk dr. hab., fullprofessor
Kirchner Mark dr. hab., fullprofessor
Yilmaz Ahmet PhD, professor
Миннегулов Х.Ю. д-р филол.наук, профессор
Джусупов Н.М. PhD
Юрина Е.А. д-р филол.наук, профессор
Пименова М.В. д-р филол.наук, профессор
Рысалды К.Т. д-р филол.наук, профессор
Жаркынбекова Ш.К. д-р филол.наук, профессор
Шалабай Б. д-р филол.наук, профессор
Шаймерденова Н.Ж. д-р филол.наук, профессор
Жахина Б.Б. д-р педагог.наук
Исмагулова А.Е. канд.филол.наук
Фаткиева Г.Т. канд.филол.наук

ISSN 2707-9910 (print)
ISSN 2788-7979 (online)

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 3 / 2021
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 30.09.2021 ж. кол койылды.
Пішімі 60x84 1/12.

Көлемі 24,4 б.т.

Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №91.

Подписано в печать 30.09.21 г.
Формат 60x84 1/12.

Объем 24,4 п.л.
Цена договорная. Заказ №91.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Темирбекова, 30.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

© Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау университеті
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.
Свидетельство о постановке на перучет печатного издания, информационного агентства и
сетевого издания № KZ62VPY00024036, г.Нур-Султан, 11.06.2020 г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Жұбаева О.С. «Өткен шақ» мәнінің морфологиядағы көрінісі	4
Жумагулова А.М. Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы	12
Медетбекова П.Т., Әлмахан Ж.Е. Алматы қаласындағы қазақ-ағылшын тілдеріндегі эргонимдердің лексикалық ерекшеліктері	19

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Бекқожанова Г.Қ., Саденова А.Е. Лингвистикалық терминологияда грек, латын сөздерінен қалыптасқан ортақ халықаралық терминдер	28
Сүйеркүл Б.Қ., Сайдоллаева А.Қ. Ғаламның тілдік бейнесінің түрік және қазақ мақал-мәтелдерінде айшықталуы	36

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Демченко Л.Н. Жанровые вставки в произведениях Чингиза Айтматова	44
Шаяхметова Н.К. Индивидуально-авторское семантическое переосмысление лексических единиц в поэзии М.И.Цветаевой	53
Sharauov A., Aktay Gulaikhan, Gladkova Ye., Sharauova A. Artistic, stylistic and linguistic peculiarities of dramatic works by turkic nations (based on materials of kazakh and azerbaijani plays)	61

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Ахметова А.Ж., Дальбергена Л.Е. Психологический барьер как одна из главных проблем в изучении иностранного языка	68
Габбасова Н.О., Негметжанова А.О. Формирование языковой компетентности как определяющий фактор профессиональной социализации студентов неязыковых специальностей	74
Каримова Б.Т. Изучение произведений А.П.Чехова «Толстый и тонкий» и «Хамелеон» в контексте обновления содержания образования	82
Мусатаева М.Ш., Толебаева Ж.Д. Один из путей реализации компетентного подхода на занятиях по практическому курсу русского языка в неязыковых вузах	89
Саденова А.Е., Мұсабекова Ұ.Е. Диалогтық дискурстың коммуникативті-интерактивтік табиғаты негізінде тіл меңгерту ерекшеліктері	97
Chernigovtseva O.J., Pristupa Y.N., Dalberganova L.Y. Relevance of differentiated instructions: an e-learning perspective	107

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Раджабович Б.Р., Икромджоновна Х.Н., Рамазонович Б.П., Психонейролингвистические и лингвокультурологические свойства невербальных средств общения у детей с ограниченными возможностями	119
Наши авторы	130

Received: 15.09.2021

МҒТАР 821.512.122

Б.Қ. Сүйерқұл¹, А.Қ. Сайдоллаева¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ АЙШЫҚТАЛУЫ

Мақала мақал-мәтелдерді танымдық тұрғыдан зерттеу мәселесіне арналған. Түрік және қазақ паремияларын өзара салыстыру негізінде екі халықтың дүниені қабылдау және ана тілі арқылы айшықтау ерекшеліктері айқындалады. Авторлар ата-ана мен перзент тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерді теоллингвистикалық аспектіде салыстыра қарастыру арқылы тіл ұстанушының когнитивтік санасында қалыптасатын ғалам бейнесін жан-жақты сипаттауға тырысқан. Паремияларға жасалған прагматлингвистикалық талдау түрік және қазақ халықтарының салт-дәстүрін, мәдениетін, рухани әлемін, өзіндік ерекшелігін тереңірек түсінуге септігін тигізеді.

Кілт сөздер: ғаламның тілдік бейнесі, мақал-мәтелдер, ойлау жүйесі, діл, тілдік сана, когнитивтік сана, паремиология.

КІРІСПЕ

Ғаламның тілдік бейнесі – социумның күнделікті тіршілігінде тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктердің жиынтығы, шындықты концептуалдаудың белгілі бір тәсілі. Концепт – ғаламның тілдік бейнесінде көрініс табатын тілдік құбылыс. Қазіргі кезде ғаламның тілдік бейнесіне қатысты зерттеулер көптеп жүргізілуде. Заманауи тіл біліміндегі лингвокогнитивтік зерттеулерде кеңінен қолданылатын «Ғаламның тілдік бейнесі», «Дүниенің тілдік бейнесі», «Әлемнің тілдік бейнесі» терминдері ғылыми әдебиетте мазмұндық жағынан аражігі ашылмаған күйде қатар жұмсалуда. Әр зерттеуші олардың мазмұн аясын өзінше бағамдайды. Басы ашық нәрсе – үшеуі де өзара парапар мәнде орыс тіліндегі «Языковая картина мира» дегеннің баламасы ретінде қолданылып жүр. Осы нұсқалардың арасын ашып, терминологиялық дифференциация жасалуы қажет.

«Ғаламның тілдік бейнесі» (ҒТБ) қолданысының мазмұндық ауқымы аса кең болғандықтан, оны бүкіл он сегіз мың ғаламды тұтас қамтитындай түсініктерге, атап айтқанда, «Жаратушы» Алла есіміне қатысты ақпараттарға, қандай да бір тылсым күш, құпияларға немесе мәліметтерге қатысты ғана қолданған жөн. Ал семантикалық аясы онымен салыстырғанда тарлау болып келетін «Дүниенің тілдік бейнесі» (ДТБ) қолданысы – адамзат баласының таным көкжиегімен шамалас ұғымдарға қатысты жұмсалғаны жөн. Оны іштей «О дүниенің тілдік бейнесі» (ОДТБ) және «Бұл дүниенің тілдік бейнесі» (БДТБ) деп жіктесек, мазмұны да нақтылана түседі. Аты айтып тұрғандай, адам баласының қазір өмір сүріп отырған дүниесі – фәни, қазақтардың түсінігіндегі «бес күн жалған», «опасыз дүние», «қамшының сабындай қысқа ғұмыр», яғни жалпы реалды дүние жайындағы барлық тілдік ақпарат осы «Осы дүниенің тілдік бейнесі» ұғымының ауқымына жатады. Ал «бақи», «шын өмір», «баршаның баратын жері», «мәңгілік өмір» атауларының мағынасын қамтитын бүкіл ақпарат «О дүниенің тілдік бейнесі» терминінің шеңберіне жинақталады.

Ал «Әлемнің тілдік бейнесі» (ӘТБ) терминін мағыналық өрісі жоғарыда аталғандардан әлдеқайда тар болатын «Адам әлемімен» байланыстыру қисынды. Сонда Адамға, яғни

«пендеге, пенделікке» қатысты күллі ақпарат «Әлемнің тілдік бейнесі» немесе «Адам әлемінің тілдік бейнесі» ұғымының аясына кіреді. Оны өз ішінен «Адамның рухани әлемі» немесе «Адамның ішкі әлемі» деп жіктеуге болады. Соңғы екеуін термин ретінде қалыптастыру қиындау болар, дегенмен *адамның рух қасиеттерінен туындайтын, сөйтіп жан азығына айналатын күллі жақсы қасиеттеріне* қатысты оң, жағымды әсер туғызатын, соған сәйкес жақсы маркерлі топ құрайтын бүкіл тілдік таңбалар осы салаға жатқызылады. Ал адам баласының рухани қасиеттерімен байланысты түсіндірілетін, оның тәнін дамытып, жетілдіруге арналған барлық шаралар, ұғымдар «Адамның ішкі әлемінің» шеңберінде қарастырылады. Сонда бүкіл жанды/жансызға «Кім?» деген сұрақ қоятын өзге тілдер мен бүкіл тіршілік иелерінің ішінен сана иесі, РУХ иесі – Адам баласына ғана «Кім?» дейтін қасиетті тіліміздің шынайы бейне-бедері айқындала түсер еді. Тілдің қарапайым қарым-қатынас құралы ғана емес, бабалар дүниетанымының барлық жетістігін айқын таңбалап, ашық танытатын семиотикалық табиғаты осыдан келіп шығады. Демек, тіліміздегі әрбір тілдік таңбаның астарында қатталған діни-танымдық және мәдени ақпараттың қайнар көзі – ауызша және жазбаша таралған рухани мұраларымызды бүгінгі ұрпаққа жақындатудың бірден-бір жолы ондағы әрбір тілдік бірліктің мазмұнын ашу. Абайша айтқанда, автор – адамның «жүрегіне терең бойлау» қажет! [1, 33]

В. Ф. Гумбольдтың концепциясына сүйенсек, тіл адамның ішкі құбылыстары мен сыртқы әлем көріністерін бейнелейді. Тілдің танымдық қасиетінен әлемнің алуан түрлі құпиясы ашылады десек, тіл шынтуайтында бүкіл этностың өзіндік болмыс бітімін көрсетеді. Әлемнің тілдік бейнесін зерттеу әр түрлі тіл ұстанушылардың санасында маңызды орын алады, өйткені мұндай жұмыстар халықтың қалыптасқан психикалық ерекшеліктерін анықтайды және жалпы мәдени идеялар аясында олардың әлемді қабылдауындағы айырмашылықты тануға көмектеседі. Әлемнің тілдік бейнесі болмысқа қатысты объективті білімді білдіреді және тілдік құралдардың семантикасын анықтайды, этностың тілдік санасындағы негізгі ұғымдарға қатысты осы халықтың когнитивтік санасында бар танымдық модельдерді қайта құруға болады. Айта кету керек, ана тілінде сөйлейтіндер әлемнің белгілі бір бейнесін санада бекітеді және тіл арқылы әлемді тану идеясын көрсетеді.

Д. С. Лихачевтің пікірінше, «Тіл-халықтың тұтас мәдениетінің көрінісі, тілдердің айырмашылығы адамзатты ақиқатқа әр түрлі жолдармен баруға мәжбүр етеді, оны әр түрлі тұрғыдан айшықтайды және ақиқатқа жетудің кілті болып табылады» [2, 16]. Фольклор ұлт өміріне тән және ерекше бізге қалған мұра, әр халықтың өз мәдениетіне сай әндері, аңыз әңгімелері, мақал-мәтелдері болады. М.М.Бахтиннің пікірінше, мәтін барлық гуманитарлық пәндердің және жалпы гуманитарлық-филологиялық ойлаудың «алғашқы берілімі»... – мәтін–тікелей шындық, ойлар мен тәжірибелердің шындығы. Мәтін жоқ жерде объекті жоқ, зерттеу және ойлау жоқ. Ғаламның тілдік бейнесі мақал-мәтелдердің мазмұнынан көрініс табады, олар халық арасында таралады, рухани құндылықтарды сақтай отырып, кейінгі ұрпаққа беріледі. Мақал-мәтелдер – әрбір ұлттың ой-санасының қорытынды түйіні, өмірде көрген-білгенінің, түрлі тәжірибеден жинақталған философиялық ойларының көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, бір қалыпқа түскен күйде, тұрақталып, қалыптасқан нұсқасы. Олар ой дәлдігімен, терең мазмұнымен ерекшеленетін, тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен жеткізе білетін қасиетке ие. Өмір туралы, тіршілік жайындағы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Мақал-мәтелдер – халықтың ауызша энциклопедиясы ғана саналмай, ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жоюға бағытталатын, әсіресе, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Қазақ халқында отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіне арналған мақал-мәтелдер өте көп. Осымен байланысты, қазақ және түрік тілдеріндегі аталмыш тақырыпқа арналған мақалдарды прагматингвистикалық тұрғыдан қарастырғанды жөн санадық. Сонымен түрік және қазақ халықтарының отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіне қатысты ортақ паремияларына кеңірек тоқталсақ.

Ақыл-мінез нышаны – ата-анадан. Сондықтан да халық: «Әр нәрсе тегіне тартады», – дейді. Осыны білген қазақ «*Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш*», «*Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер*» деген. Келтірілген паремияларға ұқсас, ақыл мен адами моральді, сөз шеберлігін көрсете білген түрік халқының паремиологиялық қорында да осы мақалдың баламасы кездеседі: «*Anasına bak, kızını al, kenarına bak, bezini al*» («Анасына қарап қызын ал, жиегіне қарап бөзін ал») [3, 11].

Бұл паремиялардан екі халықтың тұрмыс-салтындағы, дүниетанымындағы ұқсастығын байқаймыз. Мақалдың бірінші тармағы екі тілде де тура мағынада айтылып тұр: «Анасына қарап қызын ал», қызды аларда оның өзіне емес, шешесіне қара деген халқымыз, себебі қыз бала «ұяда нені көрсе, қияда соны жасайды» деген түсінік бар. Ал екінші тармағындағы: «...Аяғына қарап асын іш», «...Мата даңқымен бөз өтер», «...Жиегіне қарап бөзін ал» деген метафоралық қолданыстар паремияға ерекше мән үстеп отыр. Паремиялар құрамында кейбір лексемалар негізінен метафораланып қолданылады. Адам ойын өрбітуде паремиологиялық бірліктердегі метафора стилистикалық құбылыс ретінде қызмет атқарады.

Сонымен қатар қазақ және түрік тілдеріндегі мақалдарының арасында қарама-қайшы мазмұндағы ойлардың да болатынын аңғардық. Мәселен, қазақ халқы «Ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды парызым» деп санайды, ал түрік халқы «Ұлыңмен ауылдас, қызыңмен қоңсы бол» («*Oğlunla oba, kızınla komşu ol*», «oba» сөзі түрік тілінде «yurd» сөзімен мағыналас, яғни «жұрт» деген мағынаны білдіреді) дейді. Осы паремиялардың екінші тармағында қарама-қайшылық бары аңғарылады. Қазақ халқында ерте кезден қыз баланы жақын әрі өз төркінінен жырақ, алыс жаққа да ұзататын болған. Сондықтан халқымыз «Қыз – өріс» дейді және қызын ұзатқан адамдарға «Өрісіңіз кеңейгені құтты болсын!» деп тілек айтады. Ал ер бала үйленген соң, еншісін алып бөлек шығады, бірақ ата-анасына жақын жерден отау тігеді, сөйтіп ас-суы аралас күйде тіршілік етеді. Үйдің үлкен ұлдары бөлек шыққанымен, кенже ұл ата-анасының қолында қалып, қара шаңыраққа ие болады. Сөйтіп ұл үйленгеннен кейін де өз туыс-ағайындарының ортасында қала бергендігі ерте кезден мәлім. Ал түрік халқында «...қызыңмен көрші бол» деп, қыз баласын алысқа ұзатуды жөн көрмегенін байқаймыз. Осы паремиялардан екі халықтың танымындағы айырмашылық көрінеді.

Паремиялардың құрамындағы негізгі мәнге ие болған тірек сөздер қолданысында да айырмашылық байқалады. Тек паремиялардың тура және ауыспалы мағыналарынан бөлек, сөздердің де тура және ауыспалы мағыналары болатынын білеміз. Мысалы, «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман әйел/қатын/ қайдан шығады» деген мәтелге ұқсас түрік тілінде «*Sarımsağı gelin etmişler, kırık gün kokusu çıkmamış*» («Сарымсақты келін етіпті, қырық күн иісі шықпапты») паремиясы бар.

Қазақ мәтелінде «қыз», «әйел» сөздері тура мағынасында қолданылып тұрса, түрік мәтелінде «қыз» сөзін «сарымсақ» сөзімен алмастырған. Бұл жерде «сарымсақ» сөзінің семантикасындағы «ащы, жағымсыз иіс» семалары өзектеліп тұр. Келтірілген мәтелдерде айтылатын ой өзара жақын, яғни бір ортаға жаңадан келген адам жаман қылықтарын бірден көрсетпейді дегенді меңзейді. Тілімізде осымен мәндес «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген қолданыс та бар. Яғни малдың түр-түсін оның сыртқы түгінен байқауға болады, ал адамның достығы мен қастығын, жақсылығы мен жауыздығын оның сыртқы түр-тұлғасынан, бітім-болмысынан емес, тек ішкі жан дүниесінен ғана білуге болады: кейбір адам бетіне күле қарап тұрғанымен, көңілінде арамдық ойлап тұруы да мүмкін, адамның түріне қарап алданып қалма, оның іші, сырты сияқты емес, барлық құпия сыры ішінде болады деген ойды білдіру үшін қолданылады [8, 45].

Паремиологиялық қордың баю, даму көздерінің бірі – мақал-мәтелді басқа халықтардан аударып алу. Мысалы: *Теңіз теңізбен сулас болмаса, теңіз болмайды, тау таумен жалғас болмаса, тау болмайды* [4, 40].

Есігіне құлып салмаған, елінің шетіне күзет қоймаған ақ көңіл, кең пейілді қазақ халқы да түбі бір түркі тілдес халықтармен әрқашан араласып, алыс-беріс жасап тұрған және

қарым-қатынасы тек сауда-саттықпен шектелмей ген, руханият тұрғысынан да ортақ мұралары болған. Осы тұста «*Бірыс ауысады, білім жұғысады*» деген сөз еске түседі. Екі халықтың когнитивтік санасындағы ұқсастықты мына паремиялардан көреміз: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың», түрік халқында мағынасы осы паремияға сәйкес келетін «Ана hakkı ödenmez» («Ананың қарызы өтелмес») деген мақал бар. Дінімізде перзенттің ата-анасына қызмет етуі ерекше ескерілген. «Аллаға ғибадат етіңдер!» дегеннен кейін «Ата-анаға жақсылық етіңдер!» деген жолдарды жиі оқимыз. Алла Тағаланың Құран Кәрімде ата-анаға жақсылық жасауды бұйырғаны жөнінде көптеген деректер бар. Хазіреті Имам Нәсәфи былай деген: «Ата-ананың (әке-шешенің) баласында сексенге жуық ақысы бар. Олардың қырқы тірі кезінде, қырқы қайтыс болғаннан кейін орындалады. Тірі кезіндегі он ақысы дене мүшелерімен, оны – тілмен, оны – жүрекпен (көңілмен), қалған оны ақшалай, мал-мүлікпен өтеледі. Дене мүшелерімен атқарылатын он ақы – ата-анаға қызмет етіп, разылығын алу». Қазақ аналары жақсы әрекетімен, жағымды мінезімен сүйсінткен перзентіне «Ұл-қызың өзіндей сыйласын, құлыным!» деп бата берген. Хадис шәрифте былай делінеді: «Ата-анасына қызмет еткен адамның өмірі ұзақ және берекелі болады» (Ислам ахлақы) [5].

Тағы бір хадисте бір кісі Пайғамбарымызға (с.а.с) келіп анасының жүре алмайтын халін айтып, қажылыққа арқалап апарып, қажылықтың шарттарын түгел орындатқызған екен, содан кейін «Анамның хақынан құтылдым ба?»,—деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с): – Сен тек анаңның бір рет қиналған толғағынан ғана құтылдың, – дейді. Яғни анамыз бізді тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, толғақ кезінде қаншама қиындықты басынан өткерді. Олай болса, анамыздың ақ сүтінен, әкеміздің хақынан толық құтылу мүмкін емес. Ата-анаға перзенті өмір бойы қарыздар.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) хадисінде: «Бала ата-анасының хақынан құтыла алмайды, тек қана ата-анасын құлдықтан азат етсе ғана құтылар», – деген. Яғни екі тілде де кездесетін мақал-мәтелдердің түп төркіні осындай хадистермен толықтай астасып жатыр [6].

Қазақта «Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы, балаң жаман болса, жердің асты жақсы» деген мақал бар. Иә, бала – ең үлкен нығмет әрі сынақ. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Біліңдер! Шын мәнінде, мал-дүниелерің мен балаларың – бір сынақ. Ал Аллада ұлы сый бар», – деген («Әнфал» сүресі, 28-аят). Сол себепті, балаға жақсы мен жаманның, обал мен сауаптың не екенін барынша ертерек ұғындырып, оны жақсы адам етіп қалыптастыру, тұшымды тәрбие беру – ата-анаға міндеттелген іс. Бұл рухани мәдениеттің көрінісі Төле би бабамыздың өлеңінде былайша өрнектеледі:

Атың жақсы болса,

Ер жігіттің пырағы,

Балаң жақсы болса,

Жан мен тәннің шырағы.

Қызың жақсы болса,

Жайқалып өскен құрағы.

Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы [7].

Әке-шеше үшін ең үлкен мәртебе– «Балаң жақсы» деген сөз, «Балаңды жұрт мақтаса, бәрінен де сол сүйініш», «Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы-күйініш» деген халқымыз. Бала жақсы ісімен көзге түссе, көпшілік «Мынау кімнің баласы?» деп сұрап, ризашылығын білдіріп жатады, ал жамандығын көрсе: «Атаңа нәлет!», яғни осындай перзентті тәрбиелеген «Атаңа лағынет болсын!», «Ата-бабаңа, әке-шешеңе Алланың лағынеті жаусын!» деп жатады. Лағынет дегеніміз – Алланың мейірімінен тыс қалу, рақымынан құр қалу, қаһарына ұшырау дегенді білдіреді. Демек, «Атаңа нәлет»тіркесінің түпкі мәні – ата-анаң Алланың мейірімінен жырақтап қалсын, ата-бабаңа Алланың мейірімі түспесін деген жаман мағынаны білдіреді. «Балаң жақсы болса, Жердің үсті жақсы, балаң жаман болса, Жердің асты жақсы»

паремиясында «Жердің үсті жақсы» және «Жердің асты жақсы» тіркестері – «абыроймен өмір сүру» және екінші тіркесте «Тірі күнінде Жердің үстінде мәртебе жоқ», перзенттің жаман қылықтарынан «ұятты болу» деген мағыналарды білдіріп, ауыспалы мәнде қолданылған, яғни мұндағы «Жердің асты», «Жердің үсті» тіркестері имплицитті түрде «өмір» және «өлім» мағынасын жеткізіп тұр.

Ал түрік халқындағы бұл мақалдың баламасы – «İyi evlat babayı vezir, kötüsü rezil eder» («Жақсы бала әкесін уәзір қылар, жаман бала абыройын төгер»). Қазақ халқында бұл ой «Жақсы бала әкесінің басын төрге сүйрейді, жаман бала көрге сүйрейді» деген паремия түрінде таңбаланған. Ұлы Абай атамыздың «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» деген сөзі де аталмыш мақалдармен астасып жатыр. Мағынасы жағынан ұқсас бұл мақалдар туыстас екі халықтың ойлау жүйесі мен мәдени өміріндегі, руханиятындағы жақындықты, ұқсастықты дәлелдей түседі.

Жалпы бала тәрбиесі қай халықта да маңызды орын алады. Қазақ ауыз әдебиетіндегі «Баланы жұмсасаң, артынан өзің барасың» деген мақал түрік тілінде де кездеседі: «Çocuğa iş buyur, ardından sen git» («Балаға бір іс тапсырсаң, артынан өзің барасың»). «Бала, баланың ісі – шала» деген паремия да қазақ халқының сөзжұмсамында әлі күнге дейін белсенді қолданылады. Екі ұлт менталитетінің ұқсастығын паремиялар мағынасының бір-біріне дәлме-дәл, сәйкес келетінінен көруге болады.

Екі тіл бір-біріне қаншалықты жақын болса, оларда қалыптасқан мақал-мәтелдердің соншалықты ұқсас болып келуі, екі ұлттың тәрбие - танымның жақындығы мынадай паремиялардан да байқалады: «Он бала бір әкеге жүк болмайды, бір әке он балаға жүк болады» // «Bir baba dokuz evladı besler, dokuz evlat bir babayı beslemez» («Бір әке тоғыз баланы асырап, тоғыз бала әкесін асырамас»). Бұл мақалдардың түпкі мағынасы да, құрамы да бірдей.

Осы тұста қазіргі қазақ қоғамындағы ащы шындық, бүгінде жиі кездесетін қарттар үйінің көбейіп кетуі еске түседі. «Ауыр салмақ», «ауыртпалықшылық», «жүк» ұғымы «Бір әке он баланы асырай алады, ал он бала бір әкені асырай алмайды» деген мақалда айшықталған. Жалпы әке қанша баласы болса да, оларды асырау парызым деп санайды. Яғни әке оны ешқашан міндетсінбейді. Алайда балалары адамшылықты ұмытып, қарттар үйіне өткізген ата-ананың: «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем-жалмауызым», «Іштен шыққан шұбар жылан» деп жүрегі езіліп, баласын жамандыққа қимайтыны да рас.

Табиғат-құдіреттің тіршілікке тарту еткен ең үлкен сыйлығы – Ана. Жер бетіндегі бүкіл жан атаулы анадан туады, ананың махаббатына бөленеді. Он сегіз мың ғаламның мызғымайтын бір заңы болса, ол – ананың перзентіне деген шексіз махаббаты. Екі халықтың ананың презентіне деген айнымас сүйіспеншілігін көрсететін паремиялардағы метафоралық қолданысқа мынадай мысалдар келтіруге болады: «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер» // «Karga yavrusuna bakmış «benim ak pak evladım» demiş» («Қарға баласына қарап «менің аппақ балам» депті»). Паремиялардағы «аппақ», «жұмсақ» сөздері жай ғана заттың түр-түсін, сын-сапасын анықтап тұрған жоқ, ананың баласын қандай болса да жақсы көретінін меңзеп тұр [9, 4]. Сондай-ақ «Әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне» деген мәтел де жоғарыда келтірілген паремиялармен мазмұндас.

Қазақ және түрік тілдеріндегі отбасы құндылықтары мен әулет тақырыбына байланысты мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келуі туыстас екі халықтың ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалуының себебінен деп топшылаймыз. Мәселен, түрік халқы «Babaya dayanma, karıya güvenme» («Әкеге сүйенбе, әйелге сенбе») десе, қазақ халқы «Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатынына сенбе» деген. Бұл мақалдардың бірінші тармағында едәуір айырмашылық бар.

Бір дін ғұламасы таңдаулы 400 мың хадисті жинапты. Одан 40 мың хадис таңдап алыпты. Тағы 400 хадисті бөлек алыпты. Одан 40 хадисті іріктеп шығарыпты. Тағы да сұрыптап, ең мықты деген төрт хадисті таңдап алыпты. Бұл хадистер: 1. Тойып тамақтанба! 2. Дүниенмен мақтанба! 3. Пайдасыз іліммен немесе нәрсемен айналыспа! 4. Әйеліңе еш уақытта сенбе! Соңғы хадисті атам қазақтың: «Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатынына

сенбе», - деген сөзі қуаттайды [10]. Сонымен қатар, «Бір ай мініп көрмей, атыңды мақтама, бір жыл тұрып көрмей, қатыныңды мақтама» деген паремияда жоғарыда келтірілген мақалдардың мағыналарымен астарласып жатыр. Екі тілдегі мақал-мәтелдер детура мағыналарын сақтап қалған. Бұл айтылымдардың мағынасы логикалық жағынан бір-біріне сайма-сай келеді.

Өз кезегінде халқымызда мынадай да мақал бар: «Еркекке сенгенше, екі босағаңа сен», «Ер қараның орны – бір қурай». Еркек – мал табушы, ал әйелі сол малды орын-орнына жаратып ұқсатушы. Бірақ ер кісіге үміт артып отыра бермей, отбасының бірлігін сақтап, өз шаруанды жаса, өзің де әрекет ет деген мағынаға саяды. Алайда қазіргі таңда феминистік көзқарастағы адамдар бұл мақалды қате түсініп «Еркектен қадір жоқ, өз әрекетінді өзің жаса» деген мағынада қолданып жүргендері де бар.

Қазақ халқының басынан талай зұлмат өткені мәлім: 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі, Қазан төңкерісі, Кеңес үкіметінің орнауы, кіші ашаршылық, ұжымдастыру, 1928-1930 жылдардағы шаруалар көтерілісі, 1931-1932 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс, Ұлы Отан соғысы, осылай тізбектеліп кете береді... Иә, бұл оқиғалар қазақтың әрбір отбасын шарпығаны белгілі. Қасықтай қаны қалғанша елін, жерін қорғаған, аңыз - ертегілерде жау қолында қалған қарындасы үшін өзін өлімге тіккен ер-азаматтарымыз тарихта қалған. Қазақ – ер-азаматты қадірлеген халық. Ер адам отбасының тіреуіші, елінің сүйеніші, қорғаушысы ретінде сипатталады. Осындай саяси, трагедиялық оқиғалардан кейін қазақ тілдік ұжымында, тұтас халықтың когнитивтік санасында ер адамға деген сый-құрмет артып көптеген мақал-мәтелдер пайда болып, қалыптасқан. Мысалы, «Ер барда, ел қор болмас», «Ақсұңқар ұшар жем үшін, Ер жігіт туар елі үшін» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдер халық арасында ауыздан-ауызға тараған.

Қазақ және түрік тілдерінде мағыналары бірдей, бірақ құрамындағы кейбір сөздері ауысып келетін мақалдарға тағы бір мысал: «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық». Мұнда қазақтың аталы сөзі ерте тұру мәселесіне ықтияттылықпен қарауға шақырады. Осы ойдың біршама кеңірек мағынадағы қолданысын түрік халқының мына мақалынан көруге болады: «Erken kalkan (çikan) yol alır, er evlenen döl alır» (Ерте шыққан жолды еңсерер, ерте үйленген ұрпақ жалғастырап (балама аудармасы)). Қазақ халқының «Бас екеу болмай, мал екеу болмас» деген мақалына ұқсастықты байқауға болады.

Жалпы қазақ халқы да ежелден-ақ кәмелетке жеткен ұл-қызын ертерек аяқтандыруға тырысқан. Өкінішке орай, жаһандану салдарынан қазіргі кезде ержеткен ұл мен бойжеткен қыз отбасын құруға асықпайтыны белгілі, бұл – ұлттың әлеуметтік дамуына, халық санының артуына, жалпы демографияға және психологиямызға, ділімізге белгілі бір дәрежеде теріс ықпалын тигізетіні анық.

Халқымызда күнделікті тіршілікті ертерек тұрып бастау – ежелден қалыптасқан үрдіс. Сонымен қатар ғұмыр барда ізгі істерді атқаруға асығу керек деп санаған. Келтірілген паремиялардың мәні төмендегі хадиспен де астарлас:

Сахр әл-Ғамиди (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.): «*Уа, Алла! Үмбетімнің ерте тұрғанына береке бер!*» – деп дұға қылған [11].

«Игіліктің ерте-кеші жоқ» деген халқымыз, «өлімнен басқаның бәрі ерте болғаны жақсы» деп санаған. Мұның мәні «жақсылықтың тезірек болғаны қайырлы» дегенді білдіреді. Сонымен қатар дініміз мына бес мәселеде асығу керек дейді: қонақ келгенде тамағын беруге асығу; күнә жасағанда тәубә етуге асығу; намазды уақыты кіре сала оқуға асығу; мәйітті жерлеу жұмыстарында асығу; қыз немесе ұл баланы, дін ғылымдары мен намаз оқуды үйреткеннен кейін, балиғат жасына толып, теңі табылып тұрса, тезірек ұзатуға немесе үйлендіруге асығу. Қазақ халқында сақталған осылармен мазмұндас паремиялардың түп-төркіні аят-хадистермен, мұсылман ғұламаларының, тақуалардың насихаттарымен толық астасып жатыр.

Туыстас екі халықтың ойлау жүйесі мен мінез-құлқындағы ұқсастық олардың түп тамырының бір екендігін айғақтай түседі. Мәселен, келін тақырыбына екі ұлттың да

немқұрайлы қарамағандығын мына паремиялардан көруімізге болады. Қазақ айтар ақылы мен қояр талабын тұспалдап «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» десе, түрік халқында да «Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla» («Қызым саған айтамын, келінім сен түсін») деп жеткізіп, даналықтың ғажап үлгісін көрсетеді. Себебі, келін - ұрпақ анасы. Иманды да ибалы келін – тектіліктің тұғыры екенін білген көргенді әулет келінін жөнсіз тұқыртып, сөкпей, сыйлаған. Сондай-ақ «Gelin kötü değildir, gelinin geldiği yer kötüdür» («Келін жаман емес, келген жері жаман») деп келінді жақтап отырған. Мұндай ойды қазақтың «Жақсы жерге түскен келін–келін, жаман жерге түскен келін–келсап» деген нақылынан да көреміз. Яғни келіннің жақсы болуы келген отбасына да байланысты деген сөз. Жастай босаға аттаған бойжеткенді, ата-енесі, абысындары, күллі қайын жұрты еркелетіп, білмегенін үйретіп, жақсысын асырып, жаманын жасырып, өздеріне бейімдеп алғаны жөн деп саналған. Қайын жұртының ыстық ықыласын көрген, жан жылуын сезінген келін де өзін барынша жақсы ұстап, «Сыйға – сый, сыраға – бал» қайтаруды міндетім деп санаған. Келін мен қайын жұрт арасындағы ерекше сыйластықты көрсететін осындай паремиялар әлі күнге өзекті. Халқымыздың өте әдемі дәстүрге арқау болған бұл паремиясынан ежелер келінге айтқысы келген, көрсеткісі келген тәрбиені өз қыздарына үйрету арқылы іске асыра алғанын көруімізге болады [12, 6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерді бірнеше тақырыпқа топтастыра отырып, салыстыра қарастырдық. Зерттеу барысында екі тілде жарық көрген мақал-мәтелдер аудармалары пайдаланылды. Қазақ және түрік халықтарына ортақ отбасы тақырыбына арналған мақал-мәтелдердің көптігіне жоғарыда келтірілген мысалдар айғақ бола алады. Екі тілдегі кейбір паремиялардың дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ерекшеленетіні де байқалады. Түрік және қазақ халқының паремияларында сөздер мағынасының қайталанып келетіндігінен мақал-мәтелдер лексикасында әмбебаптық сипат немесе жалпыға ортақтық белгі бар екендігін аңғаруға болады. Мұндай ерекшеліктердің болуын табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Тілі, ділі, діні бір негізден шыққан туыстас халықтардың өмірлік маңызы бар тақырыптарға қатысты көзқарастарында ұқсастық болуы заңды. Бұл екі тілдің паремиялогиялық қорын өзара салыстыру барысында да байқалды. Келешекте екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерді фольклордың басқа да жанрларымен байланыстыра зерттеудің берері мол болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сүйерқұл Б. М. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосомиотикалық кеңістік. Ф.ғ.д. дисс.. авторефераты. – Алматы, 2010. – 51 б.
- 2 Лихачев Д. С. Избранное / ред. Т. Шмакова. М.: Logos, 1997. 287 – б.
- 3 Akgül, S. «Women and family life» in proverbs in Turkey Turkish and Gagavuz Turkish. *Türkiyatmecmuası*. – Isparta, 2017. – 200 s.
- 4 Адамбаев.Б. Халық даналығы. – Алматы, 1976. – 160 б.
- 5 Ата-ананың құқықтары [Электронный ресурс]. URL <https://www.islamdini.kz/articles/354> (дата обращения: 30.11.2020).
- 6 Muslim [Электронный ресурс]. URL: <https://www.muslim.kz/article/erte-turgannyn-gasymen-yrusy-artuq-pa> (дата обращения: 01.12.2020).
- 7 Bilimal [Электронный ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/quote/1999> (дата обращения: 26.11.2020).
- 8 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. – Алматы, 2004. – 560 б.
- 9 Şahin H. Kazak türkçesi ve Türkiye türkçesindeki ata sözleri üzerine bir karşılaştırma denemesi. *DergiPark*. – Ankara, 2010. – 320 s.

10 Alashainasy [Электронный ресурс]. URL:<https://alashainasy.kz/fromsocial/kazak-batyiryi-ayeln-uune-akelp-tazyisi-tamak-shken-65728/> (дата обращения: 27.11.2020)

11 Мұсылман және уақыт [Электронный ресурс]. URL:<https://www.muftyat.kz/kk/nasihath/zhuma-minberi/2018-06-26/21857-msyilman-zhne-uayit-zhmu-uayizyi/> (дата обращения: 27.10.2020)

12 Uçar, İ. ve Doğruer, N. Kazak Türkçesinde Aile Bireyleri ile İlgili Atasözleri Üzerine Bir Çalışma. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi. – 2016. – 1237 s.

Материал 12.09.2021 баспаға түсті

Репрезентация языковой картины мира в турецких и казахских пословицах-поговорках

Б.Қ. Сүйеркүл¹, А.Қ. Сайдоллаева¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

Статья посвящена исследованию языковой картины мира в турецких и казахских пословицах и поговорках с точки зрения когнитивной науки. На основе сравнительного анализа содержания турецких и казахских пословиц и поговорок были выявлены особенности национального мировосприятия данных народов. Авторы дают всестороннее описание национальной картины мира, содержащейся в пословицах воспитательного характера на темы родителей и детей; определяют ее связь с формирующейся в сознании носителя языка когнитивной структурой. Прагмалингвистический анализ паремий, используемый авторами в теолингвистическом аспекте, способствует глубокому раскрытию особенностей традиций и обычаев, культуры, духовного мира турецкого и казахского народов.

Материал поступил в редакцию журнала 12.09.2021

Representation of the language picture of the world in Turkish and Kazakh proverbs and sayings

B.K. Suyerkul¹, A.K. Saidollaeva¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the study from the cognitive point of view of the language picture of the world in Turkish and Kazakh proverbs and sayings. On the basis of comparisons of Turkish and Kazakh proverbs and sayings, the peculiarities of the perception of the world by these peoples were revealed. The authors give a comprehensive description of the national picture of the world, containing the themes of parents and children in educational proverbs; determine its connection with the cognitive structure forming in the consciousness of the native speaker. Pragmalinguistic analysis of paremias, their use by the authors in the theolingivistic aspect, providing a deep disclosure of traditions and customs, culture, spiritual world of the Turkish and Kazakh peoples.

Received: 12.09.2021